

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті



БЕКІТЕМІН



Қаржылық мәселелер жөніндегі
Басқарма мүшесі – Проректор
М.М. Умуркулова
« 03 » 2026ж.

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасы бойынша
XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу бойынша
ЕРЕЖЕ

Қарағанды
2026

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Маркетинг» кафедрасы (бұдан әрі – Ұйымдастырушылар) 2026 жылдың 29 сәуірінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттері арасында XVIII Республикалық пәндік олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) II кезеңін өткізеді.

1.2 Осы Ереже «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығы бойынша XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау тәртібін айқындайды.

1.3 Олимпиаданы өткізудің мақсаты қонақжайлық саласы мамандарын даярлау сапасын арттыру, шығармашылық әлеуетті дамыту, сондай-ақ білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне тартылуын арттыру болып табылады.

1.4 Олимпиадаға Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының күндізгі бөлімінің 1-4 курс студенттерінен тұратын командалар қатыса алады.

1.5 Олимпиаданың II кезеңіне қатысуға олимпиаданың ЖОО ішіндегі турларының (Олимпиаданың I кезеңі) жеңімпаздары болып табылатын, сондай-ақ іріктеу кезеңінің тапсырмасын («Reels») орындаған студенттер жіберіледі.

1.6 Олимпиадаға 3 адамнан тұратын командалар қатыса алады. Бір оқу орнынан 1 команда өтінім бере алады. Олимпиадаға қатысу ерікті және тегін.

1.7 Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің базасында II кезеңге қатысушы командалар Олимпиадаға жіберуші Тараптың есебінен қатысады.

1.8 Ұйымдастыру комитеті келесі жағдайларда университет өтінімін қабылдамау құқығына ие:

- іріктеу кезеңінің тапсырмасын орындамау;
- іріктеу кезеңінің тапсырмасын уақытында жібермеу;
- Олимпиадаға бейіндік емес мамандықтың студенттерін қатыстыру;
- Конкурстық құжаттаманың толық пакетінің болмауы (өтінім, әрбір қатысушының мамандығын растайтын анықтама, олимпиаданың университеттік кезеңінің хаттамасы, іріктеу кезеңінің орындалған тапсырмасы).

II. ЖҰМЫСТАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

2.1 Олимпиада іріктеу кезеңінен және 2 негізгі кезеңнен тұрады: «Reels» (іріктеу кезеңі), «Жобалық жұмыс» (I кезең), «Капитандар сайысы» (II кезең).

2.2 I-II кезеңдер Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында 2026 жылдың 29 сәуірінде өтеді.

2.3 «Reels» іріктеу кезеңі: команда Instagram әлеуметтік желісі үшін «Қонақжайлық саласындағы болашақ мамандықтары» тақырыбында Reels форматында қысқа бейне роликті дайындайды және түсіреді. Бейнероликке сілтеме, команданың өтінімімен бірге ұйымдастыру комитетінің pro_rdgb_2026@mail.ru электронды мекенжайына 2026 жылдың 13 сәуіріне дейін (Астана қ. уақыты бойынша 00:00 сағ. дейін) жіберіледі. Хатта көрсетілетін ақпарат: «Олимпиада_ЖОО атауы_РДГБ_іріктеу».

2.3.1. *Іріктеу кезеңінің нәтижелері 2026 жылдың 15 сәуірінде жарияланады. (Астана қ. уақыты бойынша сағат 00:00-ге дейін) және олимпиаданың негізгі турларына қатысуға шақыра отырып, ғылыми жетекшілердің электронды пошта адресіне жіберіледі.*

2.4 I кезең «Жобалық жұмыс». Команда «Қонақжайлық индустриясында инновациялы гибридті форматты әзірлеу» тақырыбында презентация түрінде жобаны әзірлейді және ұсынады. Презентация Microsoft PowerPoint, Canva, Crello және басқа редакторларда (таңдау бойынша) орындалады. Презентациямен бірге командалар жобаның физикалық макетін немесе 3D бейнесін ұсынуы тиіс.

2.5 II кезең «Капитандар сайысы». Кезең 2 бөлімнен тұрады: командалық және жеке.

Командалық бөлім – капитан өзінің командасының жұмысын үйлестіреді, көпміндеттілік, шектеулі ресурстар және қатал уақыт шеңберінде бірнеше жағдайлық тапсырмаларды шешіп, «оқиғалар картасын» басқарады.

Жеке бөлім – әр капитан стратегиялық ойлау мен басқарушылық дағдыларын таныта жасанды мәліметтер көлемінде құпиялық жүйесін жеке жеке алдында шешім ұсынады.

2.6 Олимпиаданың жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

2.7 Командалық есеп бойынша жеңімпаздар Олимпиаданың I және II кезеңдерінің нәтижелерін қосу арқылы анықталады.

2.8 Жеке есеп бойынша жеңімпаздар II кезеңінің екі бөлімінің ұпайларын және I кезең ұпайының 1/3 бөлігін қосу арқылы анықталады.

2.9 Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі жеке есепте Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломдарымен, командалық есепте Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің дипломдарымен, ал команданың ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

2.10 Олимпиадаға жіберілген материалдардың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмеуі керек. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімін қорлайтын мазмұндағы материалдар қабылданбайды.

2.11 Олимпиада кезеңдерінде ұсынылған жұмыстарға/материалдарға

авторлық құқықтың сақталуына қатысушы (команда) және жетекші жауапты болады.

2.12 Ұйымдастырушылар ұсынылған материалдарды университет сайтында және әлеуметтік желілерде ашық орналастыру үшін пайдалануға құқылы.

III. ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Олимпиадаға ұсынылатын жұмыстар (Іріктеу кезеңі – «Reels»), келесі талаптарға сай болуы керек:

3.1.1 Видео міндетті түрде Instagram әлеуметтік желісінде Reels пішімінде орналастыру.

3.1.2 Бейнероликтің максималды ұзақтығы – 90 секунд.

3.1.3 Бейнежазбаны өңдеу және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды қолдану қатысушылардың өз еркінде; әртүрлі әсерлі әдістерді қолдануға жол беріледі.

3.1.4 Бейнероликте команданың барлық мүшелері болуы керек.

3.1.5 ЖИ-құралдарды пайдалануға рұқсат беріледі.

3.1.6 Бейнеролик **слайд-шоу** түрінде болмауы керек.

3.1.7 Бейнероликтің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі керек. Басқа адамдардың ар-намысы мен сезімін қорлайтын бейнелер қабылданбайды. Бейнежазба тандалған тақырыпқа және этикалық нормаларға толығымен сәйкес келуі керек.

IV. «ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС» I КЕЗЕҢІНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4 «Жобалық жұмыс» I кезеңіне ұсынылатын жұмыстар бірегей, өзекті және берілген тақырыпқа сәйкес болуы тиіс.

4.1 Кезеңнің мақсаты – екі немесе одан да көп сервистік форматтарды біріктіретін, тұтынушыға кешенді тәжірибе ұсынуға арналған қонақжайлық индустриясы нысанының инновациялы тұжырымдамасын әзірлеу.

4.2 Жобаға тұжырымдама, бизнес-үлгі, клиент тәжірибесі, экономикалық негіз және визуализация кіруі қажет.

4.3 Сөз сөйлеу регламенті - 1 командаға 7 минут (регламенттен тыс сөз сөйлеуге айыппұл салынады).

V. «КАПИТАНДАР САЙЫСЫ» II КЕЗЕҢІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

Кезең мақсаты – капитандардың лидерлік әлеуетін, жоғары белгісіздік жағдайында, жағдайдың тез өзгеруі кезінде және шешімдерді нақты уақыт режимінде қабылдау қажеттілігі жағдайында команданы басқаруға дайындық деңгейін анықтау.

5.1 Кезең оффлайн форматта өткізіледі және екі бөлімнен тұрады: командалық және жеке.

5.2 Командалық бөлім аясында капитанға Олимпиада ұйымдастыру комитеті ұсынған шартты жұмыс ауысымы барысында туындайтын проблемалық жағдайлардың реттілігі көрсетілген «оқиғалар картасы» беріледі.

5.3 Капитан команданың жұмысын үйлестіреді, тапсырмаларды бөледі және олардың орындау басымдылығын анықтайды.

5.4 Командалық бөлімді орындау уақыты – 15 минуттан аспайды.

5.5 Жеке бөлімде капитанға жеке талдауға Олимпиада ұйымдастыру комитеті ұсынған жасанды мәліметтер негізіндегі кейс ұсынылады.

5.6 Жеке бөлімді орындау уақыты – 40 минуттан аспайды.

5.7 Тапсырмаларды орындау кезінде мобильді құрылғыларды пайдалану және Интернетке қосылу рұқсат етілмейді.

VI. ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ РӘСІМІ

6 Жұмыстарды бағалау осы бөлімде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6.1 Жұмыстарды бағалауды конкурстық комиссия жүргізеді.

6.2 Комиссия **конкурстық материалдарды** ұйымдастыру комитеті айқындаған мынадай критерийлер бойынша бағалайды:

✓ **«Reels» іріктеу кезеңі бойынша:**

- Белгіленген тақырыпқа сәйкестігі (20 ұпай);
- Шығармашылық және бірегейлік (20 ұпай);
- Контенттің тартымдылығы (20 ұпай);
- Замануи визуалды трендтерге сәйкестігі (20 ұпай);
- Команданың барлық мүшелерінің қатысуы (20 ұпай).

✓ **I кезең «Жобалық жұмыс» бойынша:**

- Белгіленген тақырыпқа сәйкестігі (10 ұпай);
- Тұжырымдама бірегейлігі (20 ұпай);
- Талдау және тақырыпты ашу (15 ұпай);
- Клиент тәжірибесі (15 ұпай);
- Визуализация және макет (20 ұпай);
- Бизнеске бағдарлануы (10 ұпай);
- Презентация және жобаны қорғау (10 ұпай).

✓ **II кезең «Капитандар байқауы» – Командалық бөлім:**

- Команданы тиімді үйлестіру (20 ұпай);
- Стратегиялық ойлау (15 ұпай);
- Командалық өзара әрекеттестік (15 ұпай);
- Коммуникациялық дағдылар (15 ұпай);
- Тапсырмалар басымдылығы (15 ұпай);
- Логика және дәлелдемелер (20 ұпай).

✓ **II кезең «Капитандар байқауы» – Жеке бөлім:**

- Талдау дағдылары (20 ұпай);
- Шешімдердің негізділігі (20 ұпай);

- Стратегиялық ойлау (20 ұпай);
- Шығармашылық және инновациялылық (20 ұпай);
- Жауаптың логикасы және құрылымы (20 ұпай).

6.3 Іріктеу туры бойынша жұмыстарды Ұйымдастыру комитеті комиссия төрағасына береді.

6.4 Олимпиада (I, II және III кезеңдерді өткізу) аяқталғаннан кейін ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың қорытынды хаттамасын жасайды, онда жеке және командалық есепте Олимпиада жеңімпаздарының тізімі жасалады.

VII. ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

7.1 Олимпиадаға Өтінім (Өтінім осы Ереженің №1 қосымшасында ұсынылған үлгіге сәйкес ресімделеді), ректордың (проректордың) қолы қойылған олимпиаданың (ЖОО-дағы) I кезеңінің хаттамалары, әрбір қатысушының оқу орнынан анықтамалары «Reels» іріктеу кезеңінің тапсырмасымен бірге 2026 жылғы 13 сәуірге дейін электронды түрде pro_rdgb_2026@mail.ru поштасына жіберіледі.

8.2 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон нөмірі арқылы нақтылауға болады: +77081506250 (Искакова Айгерим Тойболовна). *Тек жұмыс уақытында жазуды/қоңырау шалуды сұраймыз.*

8.3 Олимпиаданы өткізу мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Университет көшесі, 28-үй, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің бас ғимараты.

8.4 Осы Ереже олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Кафедра отырысында қарастырылды: Хаттама №10 16.03.2026 ж.

Маркетинг кафедрасының меңгерушісі,
PhD., қауымдастырылған профессор



А.Төлеуұлы

Қосымша 1

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» мамандығының студенттері арасындағы XVIII Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға өтінім

1. ЖОО атауы

2. Ғылыми жетекші туралы мәліметтер:

2.1 Аты-жөні, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса), лауазымы*

2.2 Байланыс деректері: e-mail, телефон (жұмыс, ұялы)**

3. Команда құрамы (3 адам):

3.1 Капитан мен команда қатысушыларының аты-жөні

3.2 Курс, мамандық, факультет, кафедра (қатысушылардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді көрсету)

3.3 Қатысушылардың әрқайсысының байланыс деректері: e-mail, телефон**

4. Команданың атауы (3 сөзден аспауы тиіс)

Факультет деканының немесе кафедра меңгерушісінің қолы, университет мөрі (*міндетті!*)

* Ғылыми жетекшінің және команда қатысушыларының аты-жөнін мұқият тексеруді сұраймыз! Қатысушы команда осы олимпиаданың жеңімпазы болған жағдайда бұл мәліметтер дипломда және алғыс хатта көрсетіледі!

** Тек жұмыс істейтін телефон нөмірлерін және ағымдағы электрондық пошта адресін көрсетіңіз, өйткені олар арқылы ғылыми жетекшімен және топ мүшелерімен байланыс жүзеге асырылады!